Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№8 (1375)
26 қазан
2009 жыл

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

ДАҒДАРЫСТАН ШЫҒАР ЖОЛ – САПАЛЫ МАМАН МЕН БІЛІМДЕ

75 жылдық мерейтой – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің өз кемеріне келіп, бағындырған асуларын саралап, бұқараға мықтылығын таныстыра білген шағы. 2009 жылдың 15 қаңтарында ҚазҰУ-ға 75 жыл толған еді. Сол күннен бастап, бүгінге дейін түлектердің туған университетіне деген ыстық лебіздері мен жылы мақтаулары күннен-күнге артып отыр. Сонымен қатар, қазақстандық және шетелдік әріптестерінің де бұл оқу ордасына деген үлкен сенімі мен оң бағасы толастар емес. Бұл әрине, ҚазҰУ-дың ғылым мен білім теңізіндегі үздік екендігінің дәлелі. Жылдың алғашқы айынан бастау алып, жыл соңына дейін созылған бұл мерекенің түйінделер, тұжырымдалар сәті туды. Бұл қазан айының 13 жұлдызы. Осы күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев арнайы келіп, университетті мерейтойымен құттықтады. Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайына жиналған бұқараға әлі күнге дейін қоғам талқысында жүрген дәріс оқыды. Дәріс Қазақстанның барлық дерлік аймағына он-лайн жүйесінде тікелей таратылды. Осы күні тағы бір қуаныш, көптен күткен қазіргі заман талабымен жабдықталған химия факультеті жаңа ғимаратының тұсауы кесіліп, қолданысқа берілді.

Қазанның 13 жұлдызы ҚазҰУ қалашығын әдеттегі күннен өзгеше сипат алды. Таң атысымен лек-легімен университет оқытушылары мен студенттері қасиетті қара шаңырақтарына асыға ағылды. Себебі, бұл күн ҚазҰУ мерейтойының шарықтау шыңы еді. Атқарылған істер мен бағындырылған басымдықтардың сараланар шағы. Қасиетті қара шаңырақтың бұл қуанышын бөлісе келген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ҚазҰУ қалашығында жаңадан бой көтерген, соңғы соны техника-технологиялық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген химия факультеті жаңа ғимаратының тұсауын кесіп, ел игілігіне ұсынды. Одан кейін тойға келген бір топ министр мен әкім, академиктерді бастаған мәртебелі қонақ университеттің тарихына арналған жаңа мұражайды тамашалады.

Бұл орталықтан ҚазҰУ-дың тарихына қанығып қайтқан қауымның назарына одан кейінгі кезекте Студенттер сарайында орналасқан университет көрмесі ұсынылды. Қонақтар таңғажайып өзгерістерге тамсанып болғанша, сарай залы көрермендермен лық толып, ине шаншар жер қалмады.

Сахна төріне көтерілген ҚазҰУ ректоры, академик Бақытжан Жұмағұлов жиынның алғы сөзін: “Құрметті әріптестер мен студенттер! Бүгін бізде ерекше салтанатты мереке. Еліміздегі ең ірі үздік оқу ордасының бірі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 75 жылдық мерейтойы. Салтанатты жиынға Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қатысып, дәріс оқуы мерейтойымызға биік мәртебе беріп отыр.

(Жалғасы 3-бетте)

Дни МГУ в КазНУ

13 октября 2009 года во дворце студентов имени У.А.Джолдасбекова в рамках празднования 75-летия Казахского Национального университета было проведено торжественное открытие Дней МГУ имени М.В.Ломоносова.

Всем известно, что роли обоих университетов на социально-общественном поприще схожи: оба являются центром научной и интеллектуальной жизни своей страны, за время своего существования воспитали плеяду выдающихся ученых и педагогов, крупнейших государственных и общественных деятелей, талантливейших представителей культуры. Эти два ведущих вуза Казахстана и России давно связывает плодотворное сотрудничество и интенсивный обмен кадрами и знаниями. На торжественном открытии наш вуз получил много поздравлений от иностранных государств, что свидетельствует о растущем международном статусе университета.

(Продолжение на 2 стр.)

БҮГІНГІ санда:

Ұстазға құрмет – ғылымға құрмет
4-бет

Интернет жастар орталығы – интеллект кепілі
6-бет

Мерейлі мереке мәресіне жетті
8-бет

Әріптестік

Ғылым – заманауи университеттің басты бағыты

Елімізде соңғы он жылда ғылымға көңіл бөлініп, осы салада айтарлықтай нәтижелерге қол жеткені анық. Олардың бірқатары әлемдік деңгейдегі жетістік болып табылады. Ғылымның дамуында университеттер жетекші рол атқарады. Осы орайда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да 14-15 қазан күндері университеттің 75 жылдығына арналған "XXI ғасыр университеттері: инновациялар және жаңа технологиялар " атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференцияның басты мақсаты – жоғары білім беру мен іргелі ғылымның интеграциялану мәселесін талқылаудағы жетекші қазақстандық, ресейлік және басқа да шетелдік ғалымдардың ынтымақтасуы.

Меретойдың екінші күні басталған конференцияны ректор Бақытжан Жұмағұлов салтанатты түрде ашып, оқытушылар қауымына Елбасы құттықтауын жеткізді. "XXI ғасыр университеті қандай болу керек деген сұрақ бүкіл қоғамды толғандырары даусыз. Бүгін мәселені "ішінен" білетін мамандардың арасында мәнді әңгіме мен пікір алмасу болады деп олаймын. Себебі конференцияға еліміздің жетекші университеттерінің ректорлары, мамандары мен ғалымдары қатысуда. Сондай-ақ конференция жұмысына Ресей, Қырғызстан, АҚШ және Оңтүстік Корейдің ғалымдары мен мамандары да атсалысуда», – дей келе, ректор университет қабырғасында ғылым жолына түскен білімгерлерге, ұстаздарға әрқашан қолдау көрсетіліп, жалпы студенттердің ғылымға деген қызығушылықтарын арттыруға баса назар аударылып отырғанын атап өтті. Бұған дәлел – ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлар құрамы 2000-нан асады. Олардың ішінде 1000 ғылым докторы мен кандидаты, профессорлар мен доценттер, ірі академиялардың 100-ден аса академигі, 21 Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткері, ғылыми жаңалықтардың авторлары, бірегей технологияларды әзірлеушілер, 30-дан аса Қазақстан Республикасының Мемлекеттік және атаулы, сонымен қатар 40 жас ғалымдар сыйлығының лауреаты, 45 мемлекеттік ғылыми шәкіртақының иегері, 150 PhD докторы бар. Сөзімізді шегелей түссек, ҚазҰУ – жоғары кәсіптілік, білім мен ғылымды инновациялық дамытудың ұлттық көшбасшысы, еліміздің жоғары оқу орындары арасындағы Қазақстан Республикасы Президентінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығының тұңғыш иегері.

2009 жылы 4 қыркүйекте Нұрсұлтан Әбішұлы тарапынан қолдау тапқан университеттегі ғылымның дамуына аса зор көңіл бөлетін ғылымды басқарудың жаңа жүйесі барлық ғылыми орта, әсіресе, ЖОО ректорлары мен университетте жұмыс істейтін ғалымдар арасына үлкен қозғау салды. Ғылым мен білім шекарасын жасанды бөлуді тоқтатуға қадам жасалды. Ең бастысы, бұл бағыт университеттегі ғылымды дамыту ісінде ғылыми зерттеулерге жұмылдыра отырып, сапалы мамандарды даярлауға зор мүмкіндік береді.

"Заманауи университет зерттеушілік, жобалау және кәсіпкерлік қызметті жүйелі меңгерген мамандардың жаңа толқынын даярлауы керек. Университет түлектері интеллектуальды еңбек жәрмеңкесінде жұмыс табуды ғана мақсат тұтпай, кәсіпкер мен жаңа жұмыс орындарын құрушы ролдерінде де өздерін ұсына алады," – деді өз баяндамасында Бақытжан Тұрсынұлы. Иә, еліміздегі жоғарғы оқу орындарында үш мыңға жуық доктор мен он үш мыңға жуық ғылым кандидаты жұмыс істейтінін ескерсек, осы ғылым күшін фундаментальді зерттеулерді, жаңа технологияларды жүзеге асыруға бағыттаған жағдайда ел экономикасының келешектегі дамуына қосар үлесіміз де қомақты болмақ. Сонымен қатар ректор ғылымды қарыштатып дамыту үшін бірқатар ірі ұлттық университеттерді сынақ арқылы зерттеуші университетке түрлендіруді ұсынды. Бұл тәсілді қазір көршілес Ресей және Қытай ендіруде. Мұндай университеттер әлемде де көп емес, АҚШ пен Европада жоғарғы оқу орындарының бес пайызы ғана қамтылған. Ал Қазақстан үшін үш-бесеуі жеткілікті екендігін айтты. Сондай-ақ конференцияның бірінші күні Қазақстандағы университеттік білім дамуының өзекті мәселелері бойынша пленарлық баяндамалар тыңдалды. Баяндама жасаған Астанадағы Қазақ Гуманитарлық-заң университетінің президенті М.С.Нәрікбаев өз тарапынан Мемлекет аралық бақылау мен кредиттік жүйенің қарама-қайшы екендігін, сондай-ақ елімізде аграрлық, тіпті медициналық оқу орындарының заңғерлерді дайындап отырғаны үлкен келеңсіздік екендігін, мұндай жағдай әлемнің бірде-бір мемлекетінде кездеспейтінін жеткізді. Ал Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры Ш.Қ.Беркімбаева қазақ мектебінің 87%-ы ауылда екендігін атап өтіп, ауыл мектебінің әлеуетін көтеру, ұстаз мәртебесі туралы заң қабылдау мәселелерін көтеріп, орта білім сапасын жақсартпай, университетке білімді шәкірт келмейтінін айтты. Сонымен талқылаулар барысында жоғары білімнің қазақстандық моделін жетілдіруге, оқудың кредиттік жүйесіне қатысты, сондай-ақ ұлттық университеттерді зерттеуші университеттерге түрлендіру, ғылым мен ғылымның интеграциясы туралы, электрондық университетті дамытудың жолдары туралы, виртуалдық университеттердің қалыптасуы мен даму мәселелері, корпоративтік университеттің даму болашағы, өнірдің индустриялы-инновациялық дамуындағы инновациялық жоғары оқу орнының рөлі, заңгерлік білімнің қоры туралы сұрақтар қаралды.

Конференцияның екінші күні Қазақстан үшін өзекті мәселелерге XXI ғасыр білімі мен ғылымы: ұлттық міндет және әлемдік үрдістер; жоғары оқу орындық ғылымның инновациялық потенциалы; жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламаларын жетілдіру және т.б. мәселелер тыңдалды.

Конференция жұмысының нәтижесінде еліміздің жоғары білімін болашақта дамыту мен жетілдіруге арналған ұсыныстар қабылданды.

Конференция барысында қатысушылар өзара ғылымның түрлі саласындағы инновациялық білім беруді ғылыми-техникалық және әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етудің даму болашағы бар түрлері туралы, сондай-ақ білім беру бағдарламалары мен технологиялары саласындағы жаңа әзірлемелер мен жетістіктер туралы тәжірибелер мен пікірлер алмасты.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

Дни МГУ в КазНУ

(Начало на 1 стр.)

В первую очередь — это Президент Российской Федерации, Почетный профессор нашего университета Дмитрий Анатольевич Медведев. Его обращение зачитал генеральный консул России в Алматы Борислав Мещанинов.

Проводить дни ведущих вузов — как отечественных, так и зарубежных - новая традиция КазНУ. После торжественного открытия преподаватели МГУ в течение недели будут читать лекции студентам Казахского национального университета. За годы своего существования у нашего университета сложились особые отношения с МГУ. Многие наши ученые и студенты продолжали учебу в МГУ или занимались научными исследованиями в стенах Московского государственного университета. Между нашими вузами всегда существовал близкий и интенсивный обмен знаниями и кадрами. Поэтому юбилей нашего университета немыслим без чествования первого вуза России. Это событие, в ходе которого прошли мастер-классы и открытые лекции маститых профессоров и ученых, неординарно в современной истории развития КазНУ и призвано заложить добрую традицию в укреплении связей университетов наших стран.

P.S. **Всего же у КазНУ налажены деловые и научные контакты почти с пятьюстами ведущими вузами мира. А это значит, что алматинские студенты еще не раз встретятся с профессорами самых престижных зарубежных университетов.**

Шынар УСКЕМБАЕВА

ҚазҰУ-дағы мультимедиялық кабинеттің ашылуы

1 қазан күні әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінде Түркия Республикасы TIKA агенттігі тарапынан сыйға тартқан мультимедиялық кабинеті мен кітапханасының ресми ашылу салтанаты өтті.

Ресми ашылу салтанатына Түркия Республикасының мәдениет және туризм министрінің I орынбасары Исмет Йылмаз және Алматыдағы Түркия Республикасы елшілігінің мәдениет және ақпарат атташесі Мине Касап, Түркия Республикасының Алматыдағы бас консулы Мехмет Учар қатысты.

Министрдің орынбасары Исмет Йылмаз мультимедиялық кабинеттің ресми ашылуында сөйлеген сөзінде, қонақтарға «қош келдіңіз» айтып, ҚазҰУ студенттеріне ақжолтай тілегімен жалғады. Ол: «Шараға келген қонақтарға қош келдің дейміз. Бүгінгі таңда түрік тілі халықаралық қатынас тіліне айналып отыр. ҚазҰУ-дың студенттері түрік тілін оқуды таңдап, осы саланы меңгеріп отырғандарына қуаныштымын. Болашақта екі ел қарым-қатынасында байланыстырушы орта осы түлектер болмақ. Қазақ елінің жетекші оқу орнымен байланыс орнату біздің мүддемізден шығады. Себебі осы негізде тегін түрік тілі курстарын ашу болашақ екіжақты жобалар еншісінде» деді.

Қазіргі заманға сай мультимедиялық жарақтандырылып, шығыстану факультетінің студенттеріне сыйға тартылған кабинет Түркия Республикасы TIKA агенттігіне жалпы құны 3 648 000 теңгеге шықты. Кабинет компьютерлермен, интерактивті тақтамен, телевизормен, сканермен және басқа да оқуға қажетті техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген.

ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінің деканы Алдабек Нұржамал Әбдіразаққызы тәуелсіздігімізді алғаш мойындаған ел түрік ағайындарға алғысын айтып: «Біздің оқу орында түріктану және шығыс елдерінің тарихы кафедрасын ашу ұсынысын дер кезінде қабылдап, шәкірт дайындау үстіндеміз. Осы түлектер екі ел ынтымақтастығы үшін қызмет етеді» деген сенімін айтты.

Шараға келген түрік бауырларымызға қазақ елінің қоңыр дауысты сазынан шашу шашып, құлақ құрышын қандырар Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әнін айтқанда қонақтар сілтідей тынды.

Болашақтағы байланыстың алғашқы қарлығашы қазақ еліндегі көшбасшы оқу орын — әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті болып отыр. Жиналғандар екіжақты байланыс баянды болғай деп үмітпен, ризашылықпен тарасты.

ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

Қабілеттілік

ДАҒДАРЫСТАН ШЫҒАР ЖОЛ – САПАЛЫ МАМАН МЕН БІЛІМДЕ

(Басы 1-бетте)

Әлем Қазақстанның экономикалық өрлеуін, саяси қарқыны мен ұлтаралық келісімін мойындады. Осының барлығы Президентіміздің ерік-жігері мен саясатының нәтижесі. Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа жолдаулары, кездесулерде сөйлеген сөздері, бізге жасампаздық күш беріп, жарқын болашаққа деген үміт пен сенімімізді асқақтатты. Стратегиялық мақсатта елімізді жаңа белестерге жетеледі. Сондықтан да, Президентіміздің бүгінгі актілік лекциясын ҚазҰУ-дың мыңдаған студенті мен оқытушысы, бүкіл қазақ елі ғана емес әлемдік ғылыми қауымдастық та аса асығыстықпен күтуде", — деп бастап, сөз кезегін Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа ұсынды.

Жиналғанжұртшылықпен амандасып, университетке өз құттықтауын жеткізген Елбасы: «Қазақтың әл-Фараби атындағы ұлттық университеті 75 жыл ішінде талай асулардан, күрделі кезеңдер мен қилы жолдардан өтті. Ел аузындағы кешегі мен бүгінгі айтулы ғалымдарымыз өздерінің ұлттық тарих, экономика мен мәдениетке қатысты іргелі зерттеу еңбектерін осы университет қабырғасында жазып, ел игілігіне айналдырды. Математика, физика, басқа да жаратылыстану салалары бойынша ауқымды ғылыми жұмыстар осы жерде іске асырылды. Сондықтан барлығыңызды бүгінгі мерейтоймен құттықтаймын!», - деп ҚазҰУ-ға кешегі және бүгінгі тарих алдында оң бағасын білдірді. Сонымен бірге «ел тағдырына қатысты күрделі кезеңдерде университет ұжымы аса маңызды тарихи оқиғаларды да бастан кешірді» деп, киелі білім ордасының тарихын біраз парақтап алғаннан кейін «1986 жылғы 16 желтоқсанда елдің еркіндігі үшін, ұлттың теңдігі үшін жандарын шүберекке түйіп, кеңестік жүйеге қарсы шыққандар да осы оқу орнының оқытушылары мен студенттері болатын» деп, тәуелсіздік жолында қасықтай қанын аямаған азаматтар да осы қасиетті шаңырақтың жастары еді деген ойын жеткізді. Шындығында, ел Президентінің бұл бағамдауы «Мен — ҚазҰУ студентімін!» деген әр білімгерге болашаққа деген тарихи жарқын сенім мен үлкен жауапкершілікті ұғындырғандай болды.

ҚазҰУ — кеше де, бүгін де жаңашылдық пен тың бастамалардың ордасы. Бәсекеге қабілетті, мықты мамандар мен элита даярлайтын ғылым орталығы екендігі де анық. Сөзіміздің дәлелін іздесеңіз, бүгінгі таңда республикамыздағы басқару жүйесінде отырған білікті мамандар мен талантты ғалымдардың, дарынды педагогтардың, тіпті кәсіпкерлік пен айналысып, бизнестің тасын өрге сүйреп жүргендердің студенттік шағы қайда өткендігін сұрасаңыз жеткілікті. Сұраққа бір ғана жауап бар, ол — дәл қазіргі уақыттағы элитаның басым бөлігі ҚазҰУ түлектері. Мұндай тұжырым — біздің ғана ой емес, арнайы тыңдалған Елбасының дәрісінен көпшіліктің түйгені.

Президент дәрісі дәл қазіргі таңда еліміз ғана емес, бүкіл әлем болып алаңдап отырған қаржы дағдарысына арналды. Әлемдік қаржы дағдарысының пайда болу себептері мен салдарын айқындап берді. Экономикамызды берік етіп, мамандардың алған білімін кәдеге жаратудың жолдарын нақтылады. "Дәл осы уақытта әлемдікқаржыдағдарысының толқыны саябырлағандай сезіледі. Сонымен бірге ТМД елдері арасында дағдарыстың алдын алуға Қазақстан ең алғашқылардың бірі болып кірісті. Жетекші банктердің өтелмеген қарыздарына қарамастан, сақтап қалуға тырыстық. Дегенмен, әлемді бойлап отырған қаржы дағдарысы қазақ елін де айналып өтпеді. Осы ретте бірнеше жұмыс орындары тоқтатылып, қанша қызметкерлер жұмыс орнынан айырылды. Алайда, мемлекет қол қусырып қалмады. Дағдарысқа қарсы тұруға барын салды. Осы бағытта «Жол картасы» сияқты жобалар ұйымдастырылып, жұмыссыз қалған топты еңбекпен қамтамасыз етуді қолға алды". Міне, бұл пікір — 13 қазанда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқылған Елбасы дәрісінің бағдары. Өз дәрісінде көп жағдайды жан-жақты қамтыған Елбасы Қазақстандағы ғылым деңгейіне жете мән берілетіндігін атап өтіп, 2012 жылға дейін білім саласын дамыта түсу керектігін, бұған мемлекет қоржынынан арнайы қаржы бөлінетіндігінен хабардар етті.

Қашанда «жас келсе, іске» деген қағиданы берік ұстанатын ел басшысы бұл дәрісінде жастарды да назардан тыс қалдырмады. Студенттердің білім алуда қандай бағдарды меңгеру керектігін, алған білімнің қайткен жағдайда ел мүддесіне асыруға болатындығы жайлы баяндады.

Өз кезегінде ҚазҰУ студенттері де көзбе-көз тілдесудің сәтін ұтымды пайдаланып, көкейлеріндегі сауалдарын жолдап, тыңғылықты жауап ала алды. Әсіресе, биік мақсатқа жетуде Елбасының жұмыс істеу күн тәртібінің қандай екендігі көп жасқа қызықты көрінді. Бұл сұраққа таңғы уақытта міндетті түрде 40-45 минутты дене шынықтыру жаттығуларына арнайтындығын жеткізген Президент, жастарды көп біліп, көп тоқу үшін көп кітап оқуға шақырды. Өзінің бұқаралық ақпарат құралдарындағы жаңалықтармен әр күні жіті танысып отыратындығымен қатар, кітап оқуды да жанына серік ететіндігін айтты. Сонымен қатар, жастарды қазақ елінің салт дәстүрі мен мәдениеті, ерекшелігі мен тарихы суреттелетін "Абай жолын" жандарына мәңгілік серік етуге шақырды. Бірнеше тілге аударылып үлгерген Мұхтар Әуезовтің "Абай жолын" өз ана тілінде, жазылған тілінде, яғни қазақ тілінде оқуға ұсыныс жасады. Дәріс барысында Елбасы кәнігі лектор екенін дәлелдеп, қызықты әңгімелер мен әзілдерді де сәтті пайдалана білді.

Әлемдік саясат сахнасында көшбасшылық пен көреген саясаты арқылы үлгі болып жүрген Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың ҚазҰУ қалашығында өткен бұл жиынын еліміздің ҚазҰУ-дан өзге де жоғары оқу орындарының тәлімгерлері де монитор арқылы тамашалап, дәрісті тыңдауға мүмкіндік алды. Көкейге түйер ой, болашаққа ұстанар бағыт-бағдар тапты. Дәріс зор ықыласпен тыңдалып, оған ыстық қошемет көрсетілді. ҚазҰУ ректоры Бақытжан Жұмағұлов Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа нөмірі бірінші "Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің үлкен алтын медалін" тарту етті.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

Марапат

Еліміздегі ЖОО арасындағы ең үздігі танылатын ҚазҰУ-дың 75 жылдық мерейтойына орай отандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары редакциясының ұжымдары мен журналистері арасында өткен «ҚазҰУ – білім беру мен ғылымның ұлттық көшбасшысы!» атты шығармашылық байқау өз мәресіне жетіп, 15 қазанда аталған қара шаңырақта әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қызметі баяндалған үздік жарияланымдардың жеңімпаздарын марапаттау салтанаты өтті.

Үздік университетті ұлықтаған үздіктер марапатталды

Бұл жыл ел тарихында өзінше қолтаңбасымен ерекшеленбек. Себебі осы жылы ғылым мен білімнің тұнығына айналған көшбасшы оқу орда – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 75 жыл толды. Қара шаңырақтың мерейтойын үкілеуде БАҚ өкілдері де тыс қалмады. Оқ тілді, орақ ауызды журналистер ағымдағы жылдың қаңтар-қазан айы аралықтарында университеттің тарихы мен келбетіне арналған мақалаларын жарияласа, енді бірі студенттік шақтағы қызықты кезеңдерінен эссе жазып, оқырман назарына ҚазҰУ-ды жан-жақты таныта білді. Бұл жылы әдеттегіге қарағанда ҚазҰУ жайлы жариялымдардың саны артты. Көгілдір экран түймесін бассаңыз – «ҚазҰУ!», әуе толқынының тетігін бұрасаңыз – «ҚазҰУ!», мерзімді басылымдарды парақтасаңыз – «ҚазҰУ!». Міне, бұл үрдіс қарашаңырақтың қадірі мен беделінің асқақ екендігінен хабар бермек. Ахмет Байтұрсынов айтпақшы: «Газет – халықтың көзі һәм құлағы». Жақсы істің ел назарына ұсынылуында БАҚ өкілдерінің еңбегі зор. Осы кезекте қара шаңырақтың мерейін үстем еткен мерейтойлық шараның бірі – отандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары редакциясының ұжымдары мен журналистері арасында өткен «ҚазҰУ – білім беру мен ғылымның ұлттық көшбасшысы!» атты шығармашылық байқау. Байқаудың нәтижесінде жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан сөз зергерлерін арнайы құттықтау салтанатты шарасында ҚазҰУ ректоры, академик Бақытжан Жұмағұлов бұл шараның мақсатына тоқталып өтті. «Университеттің мерейтойлық жылына арнап әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Қазақстан Журналистика академиясы ҚазҰУ-дың мерейтойына орай отандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары редакциясының ұжымдары мен журналистері арасында шығармашылық байқау ұйымдастыруды ұйғардық. Байқаудың мақсаты журналистер тарапынан еліміздегі жетекші университеттің білім, ғылым және мәдениет саласындағы үлесіне көңіл бөлініп, қара шаңырақтың қоғамдағы имиджін нығайтып, қазақстандық білім беру саласында ҚазҰУ ең үздік білім кешені, ғылымның ең терең тұнығы екендігін тағы бір нығайтып, дәлелдеу еді. Себебі журналистер қоғамда халық сенімі мен ықыласына бөленген, «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызатын» ерекше маман иелері екендігі анық. Тағы бір діттеген мақсат бұл университеттің заманауи дамуы мен болашаққа деген қарымды қадамын бұқараға байқату еді»; деп университет ректоры алғы сөзін жеткізгеннен кейін, БАҚ-та жарық көрген үздік жарияланымдарды марапаттау рәсімін бастады.

Аталмыш байқауға қатысу үшін төртінші билік өкілдерінің тарапынан 100-ден аса жұмыс ұсынылса, байқау қорытындысы бойынша қасиетті қара шаңырақтың өткені мен бүгінгісін, беделі мен қарымын насихаттауға атсалысқан бұқаралық ақпарат құралдарында 1500-ден аса эфирлік көрсетілім, радиолық материалдар мен журналистік жарияланым жарық көрген екен. Бұл журналистік еңбектерді әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Баспасөз қызметі тиянақты қадағалап, назарда ұстады. Байқаудың оқ бойы озық шыққан жүйріктерін тану үшін арнайы комиссия мүшесі құрылып, үздік еңбектерді таразылады. Нәтижесінде байқаудың «ҚазҰУ жастарына айрықша назары үшін» номинациясы бойынша «Жас Қазақ» ұлттық апталығының ұжымы, ал «За особое внимание к студенчеству КазНУ» номинациясымен «31 канал» телеарнасы, «ҚазҰУ жастарына айрықша назары үшін» номинациясы бойынша «Түркістан» Халықаралық саяси апталығының ұжымы марапатталады. Бұл марапат ҚазҰУ студенттерінің көшбасшылық қабілетін тани білген БАҚ өкілдеріне бұйырса, университеттің алтын қазынасын жан-жақты көрсете білген «Қазақстан Республикалық Телерадиокорпорациясы» АҚ «ҚазҰУ туралы жарыққа шыққан хабарлардың кәсіби шеберлігі үшін» номинациясын иеленсе, «КТК» телеарнасы «За высокий профессионализм в освещении деятельности КазНУ им. аль-Фараби» номинациясын, «Страна и мир» газетінің редакция ұжымы «История КазНУ в истории страны» номинациясымен марапатталды. Сонымен бірге «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 75 жылдық мерейтойын жариялаған үздік аймақтық БАҚ» номинациясы бойынша «Жетісу» Алматы облыстық қоғамдық-саяси газетінің» ұжымы марапатталды. Сонымен бірге конкурстың қатысушылары арасынан ерекше көріне білген «Қазақ әдебиеті», «Дала мен қала» және «Алматы ақшамы» газеттерінің редакция ұжымына Қазақстан Журналистика академиясының президенті, академик Сағымбай Қозыбаев академияның арнайы дипломын табыс етті. Сонымен қатар осы академияның арнайы дипломымен өзге де БАҚ өкілдері марапатталды. Олар «Егемен Қазақстан» газетінен Гүлзейнеп Сәдірқызы, «Казахстанская правда» газетінен Нестеренко Гульфия, ҚазИнформ ақпараттық агенттігінен Айгүл Тұрысбекова, «Қазақ радиосындағы» «Достық» редакциясының бас редакторы Әмір Өмірбеков, осы радиодағы «Қайырлы таң, қазақ елі!» таңертеңгілік бағдарламаның редакторы Гүлнұр Омарханқызы және «Страна и мир» газетінен Косячная Татьяна, «Огни Алатау» газетінен Холщевникова Елена марапатталды. Бұл аталған жүлделерден басқа да бірнеше марапаттар тағы да басқа бұқаралық ақпарат құралдарына тапсырылып жатты.

Салтанатты шараға келген қонақтардың қошеметі де байқаудың бұл қорытындысында жүлде өз иесін тапты деген сынай танытқандай ыстық болды. Салтанатты шарадан кейін жеңімпаздар журналистика факультетінде арнайы жайылған мерекелік дастарханнан дәм татып, еңбектерінің еленгендігіне ризашылық танытып, қуанышпен тарқасты.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

Ұстазға құрмет – ғылымға құрмет

Тәрбиеленуші ұстанымының мықты болмағы ұстазға тікелей байланысты екендігін көреген бабаларымыз ертеден-ақ айтып кеткен. ҚазҰУ түлектері –қазақстандық элита деп кеуде қағуымыз да ұстаз еңбегінің жемісі екендігі жасырын емес. Ендеше, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 75 жылдық мерейтойында өмірін ғылымға арнап, әр сағатын студенттердің сауатын ашуға жұмсаған ұстаздарымызға ҚазҰУ медальдарының табыс етілуі үздік университет тарапынан жасалған орынды құрмет болып табылады.

Қазан айының 15 жұлдызында ҚазҰУ-да білім мен ғылымның абыройы асқақталды. Үздік университеттің мерейтойы қарсаңында қабырғасы қаланып, жақында ғана тұсаукесері өткен механика-математика факультеті ғимаратындағы үлкен салтанат залында өткен бұл шарада оқу-ағарту ісінің дәнекері, университеттен мықты кадрларды қалыптастырып шығаратын профессор-ғалымдарға ғылым және педагогика саласындағы жетістіктері үшін мемлекеттік және университеттік марапаттау көрсетілді. Педагогтарымыздың кеудесіне медаль тағылып, қолына гүл шоғы ұсынылды. Ақ адал маңдай тері төгілген бейнеттің зейнетін көрген академик-профессорларымыз көзіне жас алып, көңілдері толқыды. Бұл – қуаныштың ыстық жасы, ризашылықтың жанардағы көрінісі.

Атап айтар болсақ, еліміздің білім саласына қосқан зор еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «ҚР ғылымының дамуына сіңірген еңбегі үшін» белгісімен марапатталған университеттің оқытушылары мен ғалымдарының қатарын Г.К. Ахметова, Ш.Е. Жаманбалаева, А.Т. Құлсариева және тағы басқалары толықтырды. Ал «ҚР білім саласындағы құрметті қызметкері» белгісімен С.Б. Шаяхметов, Г.Н. Паршина, Ө.Е. Жамалбеков бастаған бірнеше профессор-ғалымдар марапатталды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министирлігінің «Құрмет грамотасы» Б.С. Кәрімоваға тапсырылса, «Кітапхана ісінің үздігі» құрмет дипломына рухани байлық пен мәдениеттің дамуында ерекше үлес қосатын кітапхананың Г.М. Мұсағалиева, А.К. Қонысова бастаған бірнеше қызметкерлері лайық деп табылды. Ал студенттік клубтың Б.К. Әмірханов, Г.А. Есмұханбетова сияқты үйірме жетекшілері «Мәдениет қайраткері» төс белгісін иеленіп, салауатты өмір салтын қалыптастырып, спорт саласына үлкен үлес қосқан Б.С. Байқұлбаева, А.А. Носков, Т.Ш. Байымбетов және университеттің тағы да басқа ұстаздары мен танымал спорт шеберлері «ҚР спортының құрметті қайраткері» белгісімен марапатталды. Сондай-ақ, ҚР Спорт және туризм минстрлігінің «Құрмет грамотасын» В.И. Якуба, Ғ.Б. Мадиева, Т.Н. Дүйсенбаев тәрізді басқа да бірнеше мамандар иеленді.

Университеттің 75 жылдық мерейтойы қарсаңында ҚазҰУ-да жаңаша игі дәстүр қалыптасып, ерең еңбекті бағалайтын «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дамуына қосқан айрықша үлесі үшін» Үлкен алтын медалі мен «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға сіңірген ерен еңбегі үшін» Күміс медалі жасалған болатын. Аталмыш Үлкен алтын медаль мен Күміс медаль әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дамуына ерекше үлес қосып жүрген оқытушылар мен қызметкерлерге тапсырылды.

Студенттен элита даярлайтын ұстаздың еңбегі – қанша медаль тапсырса да ата-ана еңбегі тәрізді өтелмес үлкен еңбек. Десек те мерейтой аясында ұстаздар мен қызметкерлер еңбегінің ескерілгендігі алдағы атқарылар іске күш-жігер беріп, университет беделін одан әрі көтеру жолында құлшыныс сыйлары анық. Біз де қуаныш иелеріне шәкірт тәрбиелеудегі еңбектеріңіз жемісті болғай деп тіледік.

С.ҚАБЫЛБЕККЫЗЫ

Құттықтаймыз!!!

ҚазҰУ ұстазы – БІЛІМНІҢ ҰСТАСЫ

Халқымыз әрқашан ұстазды қадірлеген. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деп ұлықтаған. Университетіміздің мерейтойы аясында үздік университеттің ұстаздары да мәртебе мен марапаттан қалыс қалмады. ҚазҰУ 25 жылдан астам еңбек өтілі бар ұстаздарын ардақтап, кеудесіне алтыннан медаль тақты. «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дамуына қосқан айрықша үлесі үшін» ***Үлкен алтын медалімен*** *марапатталған қуаныш иелерін ҚазҰУ-дың барша оқытушы-профессорлар құрамы атынан «Қазақ университеті» газетінің ұжымы шын жүректен құттықтап, еңбектеріне табыс тілейді!!!*

Сұлтан Сартаев, мемлекет пен құқықтың теориясы және тарихы кафедрасының профессоры, академик

Анатолий Чигаркин, физикалық география және геоэкология кафедрасының профессоры

Тұрсынбек Кәкішұлы, қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры

Зұлқайыр Мансұров, бірінші проректор, профессор

Құлжабай Қасымов, дифференциалдық теңдеулер және математикалық физика кафедрасының профессоры, академик

Уахит Шалекенов, археология және этнология кафедрасының профессоры

Мейірхан Әбділдин, теориялық физика кафедрасының профессоры, академик

Гүлнәр Нәдирова, арабтану кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д

Қуанышбек Мұсабеков, катализ, коллоидтық химия және мұнай химиясы кафедрасының профессоры

Әбілфайыз Ыдырысов, баспа ісі және редакциялау кафедрасының профессоры

Мая Шығаева, микробиология кафедрасының профессоры

Матипулла Әженов, әлеуметтану кафедрасының профессоры

Болат Мұхамедиев, макро-микроэкономика кафедрасының меңгерушісі, профессор

Құралай Аққошқарова, шетелдік азаматтарға арналған дайындық факультетінің меңгерушісі, профессор

Жарас Ибрашев, халықаралық қатынастар және ҚР сыртқы саясаты кафедрасының профессоры

Матипулла ӘЖЕНОВ,
философия ғылымдарының докторы, профессор:

«ӘЛІ ДЕ БЕРГЕНІМНЕН БЕРЕРІМ КӨП»

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия бөлімін бітіргеннен кейін мен осы киелі қара шаңырақта оқытушылық және ғылыми қызметте болып келемін. Бүгінде осы киелі ордадағы оқытушылық қызметіме 30 жылдан астам уақыт болды. Қазіргі кезде әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының профессорымын.

Университеттің 75 жылдық мерейтойына байланысты мені университеттің «Үлкен алтын мадалімен» марапаттады. Бұл маған көрсетілген алғашқы сый-сияпат емес. Менде мемлекеттік және үкіметтік деңгейде берілген марапаттаулар жетерлік. Бірақ, мен үшін солардың ішіндегі ең жоғарғысы – өзім бірге еңбек етіп келе жатқан ұжымымның берген бағасы, марапаты. Сондықтан ҚазҰУ-дың «Үлкен алтын медалі» мен үшін өте маңызды. Осы орайда, мен әлі де болса университеттің дамуына бергенімнен берерімнің көп екенін айта аламын.

Тұсаукесер

Интернет жастар орталығы – ИНТЕЛЛЕКТ КЕПІЛІ

Қазіргі технологияның қарыштап дамуымен қатар жастардың да сұранысы артып отыр. Жаһандану жастарды күннен-күнге елітіп, өз ісіне лайықтап жатқан секілді. Осы орайда студенттер өткен жылғы басшылықпен кездесу сәтінде ішкі ойларын ірікпей, «Біздің де өз интернет орталығымыз болса» деген армандарын айтқан еді. «Мен уәде беріп қана қоймаймын, сонымен бірге орындаймын» деген ректорымыз Бақытжан Тұрсынұлының уәделі сөзі кәделі болып, 75 жылдық мерейтойдың қарсаңында студенттер үлкен қуанышқа бөленді.

Бүгінде жас-кәріміз үшін интернет ауқымы кеңейіп, барлығының қызықты құралына айналған. Сіз бен біз талғамымыз бен көңіл-күйімізге қарай көз тартар көп дүниеге куә болатынымыз сөзсіз. Қазір қоғам игілігіндегі қызмет барысы да интернетпен қамтамасыз етуді қажет етеді. Сондықтан ол, шын мәнінде, бүгінгі ізденімпаз студенттердің қазынасы болып табылады.

14 қазан күні қалашықтың қақ төріндегі жастар интернет орталығының ашылуына ректор Б.Т.Жұмағұлов, ҚР Байланыс және ақпараттандыру агенттігінің жетекшісі Қ.Б.Есекеев, "Қазақтелеком" АҚ-ның коммерциялық бас директоры А.А. Есеркегенов, Қазақстандағы Microsoft-тың өкілдері мен арнайы шақырылған қонақтар және студенттер қатысты.

Басшымыз Б.Т.Жұмағұлов салтанатты шарада университеттің белсенді студенттеріне интернет-кафенің кілтін арнайы табыс етті. Студенттердің ұсынысын аяқ асты етпеген басшылық араға жарты жыл салып, арнайы бағдарламалармен жабдықталған, 300 орындықты, 100 компьютерлі интернет-кафені сыйға тартып отыр. Бұл сый студенттердің төбесін көкке жеткізіп, жаңа технология саласында мол мүмкіндікке қол жеткізуге бастама болмақ.

Салтанатты шарада ҚР Байланыс және ақпараттандыру агенттігінің жетекшісі Қ.Б.Есекеев, "Қазақтелеком"АҚ-ныңкоммерциялық бас директоры А.А. Есеркегенов орталықтың тұсаукесер рәсімін жасады. Сонымен бірге Microsoft-тың Қазақстандағы бөлімінің бас директоры Гюнтер Дам құттықтау лебізін жеткізіп, шара қонақтарына республиканың оқу құрылымына бағытталған әлеуметтік және арнайы бағдарламаларды жүзеге асыру жайлы баяндама жасады.

Сондай-ақ ҚазҰУ мен Microsoft компаниясының арасында IT-технологиясы саласы бойынша екі жақты әріптестік байланыс орнату мақсатындағы меморандумға қол қойылды. Алдағы уақытта осы меморандум аясында ҚазҰУ-дың академиктері мен студенттеріне арналған IT-академиясын ашу жоспарланып, университеттің бірнеше белсенді студенттерінің Microsoft орталықтарында тегін оқу мүмкіндіктері қарастырылуда.

Осы кеш барысында ҚазҰУ-дың өзіндік сандық телеарнасы болып есептелетін ID TV - «Кептер» жобасының лентасы да кесіліп, мерейлі мереке жалғасын тапты. Бұл игі бастама арқылы студенттер алдағы уақытта өз қалауларымен жеке авторлық телебағдарламаларын дайындап, ол бағдарламаны тек ҚазҰУ қалашығы ғана емес, сонымен бірге қаладағы өзге де университеттер де көру мүмкіндігіне ие болмақ.

Алжастар интернет орталығының қызметіне нақты тоқталар болсақ, бірінші сағаты тегін, одан кейінгі екінші сағаты төмен бағада ақылы қызмет көрсетеді. Студенттерге жасалған қамқорлық мұнымен біткен жоқ. Кеш соңында басшымыз Бақытжан Тұрсынұлы нағыз аспазшының кейпіне еніп, студенттерге ыстық тамақ таратты. Ректордың қолынан дәм татқан студенттердің көңілі де, қарыны да тоқ қайтты.

Жанат ҚАСЫМБЕКОВА

Сотрудничество

КазНУ – выбирает перспективные направления в области ядерной энергетики

Во время юбилейной недели празднования 75-летия КазНУ в зале заседаний ректора КазНУ имени аль-Фараби состоялось торжественное подписание Меморандума о сотрудничестве между Казахским Национальным университетом имени аль-Фараби, Национальным Ядерным центром Республики Казахстан и Японским Агентством по ядерной энергии. Меморандум подписали ректор КазНУ имени аль-Фараби Б.Т.Жумагулов, Генеральный директор Национального ядерного центра Республики Казахстан К.К.Кадыржанов и Президент Японского агентства по ядерной энергии Тошио Оказаки.

В настоящее время Высокотемпературные реакторы с газовых охлаждением – признанное во всем мире перспективное направление развития технологий в области ядерной энергетики. Если существующие сейчас атомные станции вырабатывают только электроэнергию и тепло для отопления или, к примеру, для опреснения воды, то высокотемпературные реакторы за счет выхода на температуру до 1000 градусов существенно расширяют возможности использования тепла в других отраслях экономики. Совместная деятельность сторон в рамках данного Меморандума о сотрудничестве будет осуществляться в области образования и подготовки кадров в сфере технологий Высокотемпературных реакторов с газовым охлаждением и включает в себя следующие направления сотрудничества: обучение в условия трехуровневой системы высшего образования (бакалавриата, магистратуры, PhD-докторантуры) научно-технических и преподавательских кадров в областях ядерной физики, выработки ядерной и термоядерной энергии, радиационного материаловедения, новых материалов и технологий в родственных областях; организация объединенных семинаров, конференций, обучения и других мероприятий; обмен профессорско-преподавательским составом между сторонами, для проведения специальных курсов и других образовательных мероприятий, Данный Меморандум дает возможность расширить круг совместных научных интересов, подготовить квалифицированные кадры и проводить исследовательские работы в области ядерной науки и техники и внедрению в учебный процесс инновационных технологий.

Шынар УСКЕМБАЕВА

Жалын

Халықаралық математикалық олимпиаданың Ту-эстафетасы ҚазҰУ-да

21 қазанда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінің Қызыл залында 51-ші Халықаралық математикалық олимпиаданың Ту-эстафетасын тапсыру салтанаты өтті.

Ректор атынан құттықтау сөзді жеткізген ғылыми жұмыс жөніндегі проректор Н.Темірбеков: "Біз талапты жастарды әрқашан қолдаймыз. Мұнда болашақта еліміздің ғылыми элитасының "алтын қорын" құрайтын дарынды әрі үздік оқушылар жиналып отыр. Биыл Қазақстан – 51-ші Халықаралық математикалық олимпиаданың қожайыны", – деді.

2009 жылы Германияда өткен 50-ші Халықаралық математикалық олимпиадада Қазақстан ТМД елдерінің арасында тұңғыш рет ең беделді интеллектуалдық сайыстың Ту-эстафетасын қабылдап алды. Халықаралық математикалық олимпиада – 1959 жылдан бастап жыл сайын мемлекеттердің бірінде математика пәнінен жоғары сынып оқушылары арасында өткізілетін Әлем чемпионаты. Оның негізгі мақсаты – барлық мемлекеттерде математикадан дарынды жастарды анықтап, оларды ынталандыру, математиктер арасында халықаралық достастық қатынастарын дамытуға ықпал жасау, әлемдік деңгейде оқу бағдарламалары мен оқыту тәжірибесінен ақпараттық алмасуға мүмкіндік жасау, математиканы жалпы ғылым ретінде дамытуға қолайлы жағдай жасау.

Қазақстан аталмыш олимпиадаға тұңғыш рет 1992 жылы бақылаушы ел ретінде қатысты. 1993 жылдан бастап толық құқықты мүшесі болып табылады. Сол жылы Стамбулда оқушыларымыз 1 күміс, 3 қола медалін иеленді. 2009 жылы Бремен қаласында Қазақстан

құрама командасы 3 күміс және 3 қола медалдарды жеңіп алды.

Астанада 3-15 шілде аралығында өтетін 51-ші Халықаралық математикалық олимпиадаға 110 мемлекеттен 600-ден астам жас математик, 300-ден артық команда басшысы мен олардың орынбасарлары және бақылаушылар қатысады деп күтілуде.

Салтанатты жиынға қатысқан "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығының директоры Битуова Тілдаш Рысқұлбекқызы: "Қазақстанның халықаралық дәрежедегі жоғары беделі, экономикалық өсуі және саяси тұрақтылығы дүниежүзілік интеллектуалдық қауымдастықтың назарын аударып отыр. Білім беру орталықтары мен университеттерде қалыптасқан математикалық база ауқымды шараларды ұйымдастыруға мүмкіндік береді", – дейді.

Ту-эстафетаны 173 орта мектеп оқушылары атынан шахмат бойынша он жасқа дейінгі балалар арасынан Азия және Әлем чемпионы Жансая Әбдімәлік математика-механика факультетінің студенттеріне табыс етті. Ту-эстафета он күннен соң Алматыдан Жамбыл облысына жол тартпақ.

Салтанатты рәсімнен соң әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың механика-математика факультеті Алматы қаласы оқушылары арасында олимпиада өткізді.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

Сауалнама

Галия ИБРАЕВА, д.п.н., профессор, декан факультета журналистики

«Учиться надо постоянно»

Предложение Президента Н.А.Назарбаева о необходимости интеллектуальной революции в Казахстане, высказанное им на Лекции в КазНУ им. аль-Фараби 13 октября 2009 года, нашло широкую поддержку в среде ученых, преподавателей и студенчества Казахстана.

Сегодня особенно актуальными становятся действенные методы посткризисного восстановления экономики, выход страны на новый уровень государственного развития, утверждение Казахстана в высоком статусе развитого государства. Достижение названных целей возможно в непосредственной приближенности к идеалу будущего – создание в Казахстане Империи ума. Именно качество человеческого капитала позволит Казахстану перейти от сырьевой экономики к индустриальной.

В сердце каждого казахстанца находят отклик слова Президента об острой необходимости поднять статус учителя, ученого, изменить отношение казахстанцев к образованности, интеллекту, служению Родине и народу. Предложенный ранее проект «Интеллектуальная нация – 2020» аккумулировал в себе основные траектории развития среднего и высшего образования, науки и инновационных технологий.

Учиться надо постоянно, не уставая начинать новое. Человек знающий, способный производить знания всегда ценился народом. Идеалы последних десятилетий переместили шкалу приоритетов в сторону материального достатка, героями нашего времени стали олигархи и банкиры. Однако, как верно заметил Нурсултан Абишевич, деньги и власть не способны сделать человека счастливым.

Отрицая пустое декларирование, Н.А. Назарбаев видит решение поставленных задач в конкретных шагах по приближению науки к производству, призывает к реальному внедрению передовых научных открытий, росту инновационного индекса науки.

Несомненно, Лекция Президента – своевременно и мудро напоминает всем нам о традиционных ценностях казахстанцев, важности собственного пути, гордости за нашу независимость и свободу!



Президент дәрісінен қандай конспект жасадыңыз?

Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ, ф.ғ.д., профессор, филология факультетінің деканы

«Құбылған әлем жарысы, Ақылды жанның табысы»

Мен Елбасының актілік дәрісін мұқият тыңдап, сондағы әрбір ой-пікірді конспектілеп отырдым. Дәрістен алған өзіме өте қажетті түйіндеулерімді төмендегідей тұжырымдадым. Ең алдымен, қара шаңырақ – ҚазҰУ-де оқыған актілік дәрісінде Елбасымыз тағы да бір рет ел болашағына байланысты өзінің даналық ой-толғамдары мен ертеңгі күнімізді дәл болжай білетін ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Философ, данышпан ақынымыз Шәкәрім Құдайбердіұлының «Құбылған әлем жарысы. Ақылды жанның табысы» деген өлең жолдарын мысалға келтіре отырып, қазақ жастарының ертеңгі жарқын болашағына тікелей қатысты кесек-кесек тұжырымдарын түйіндеп, әлемдік кеңістікте өтіп жатқан саяси, экономикалық және қоғамдық өзгерістерге терең сараптама жасады.

Қазақстанның ендігі болашағы негізінен білім алып жатқан жастардың интеллектуалдық әлеуетіне тікелей байланысты екендігін Елбасымыз адамзат тәжірибесіндегі ғасырлар бойғы жинақталған жаһандық құндылықтарға табан тірей отырып, солардың ең таңдаулысын мысалдарымен тікелей сабақтастыра ой өрбітті. «Интеллектуалды ұлт» жобасының ең басты бағыты еліміздегі өндірістің, ғылым мен білімнің инновациялық жүйесін мейілінше дамытуға тікелей тәуелді екендігін дамыған елдердегі қол жеткен сандаған дәйектемелер арқылы дәлелдеп көрсетті. Әсіресе жастарға патриоттық тәрбие беру, Отанға адал қызмет ету сияқты аса құнды мемлекеттік ұстанымдардың маңыздылығына айрықша тоқталды. «Еліңді сүйе білсең, жан аямай қызмет ете білсең, елің де сені алақанға салып аялай біледі» деген тебіреніске толы Елбасы сөзінде терең астар жатыр.

Білім мен ғылымның әлемдік деңгейіне қол созып, алдына үлкен мақсаттарды жоспарлап отырған ҚазҰУ сынды білім ордасының төрінен Елбасымыздың арнайы келіп, терең де мазмұнды дәріс оқуы және университетіміздің соңғы бір жарым жылдың ішінде қол жеткізе алған айтулы табыстарына жоғары баға беруі қара шаңырағымызды жаңа биікке көтеріп, оның рухын асқақтатты. Еліміздің бүкіл ұстаздар қауымы, күллі студент жастарымыз Елбасы дәрісінен жаңа қуат алып, өз мүмкіндіктері мен болашақ іс-жоспарларына жаңа көзбен қарауға, жаңа талаптар деңгейінде әрекет етуге бағыт-бағдар алды. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстанның дағдарыстан кейінгі күллі ішкі және сыртқы саясатын, экономикалық және әлеуметтік дамуының негізгі арналарын анықтап берген осынау Елбасы дәрісі бүгінгі күннің ең басты тарихи оқиғасы деп есептеймін.



Баян ЕРМЕКБАЕВА, э.ғ.к., доцент, экономика және бизнес факультетінің деканы

«Жастарды Отанын сүюге ынталандырады деп сенемін»

Елбасының актілік дәрісін біз үлкен үмітпен күттік. Президенттің дәрісін тыңдай отырып, біз бұл дәріс теориялық, интеллектуалдық және саяси методикалық жағынан жоғары деңгейде оқылған дәріс болды деп есептейміз. Елбасы көптеген нақты деректер негізінде әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстың себептерін, қазіргі жағдайын кеңінен атап көрсетті. Қазақстанның дағдарыстан кейінгі дамуына және Қазақстан экономикасын жаңартудың негізгі бағыттарына тоқталды. Елбасы жастарды білім тұрғысынан әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті болуға шақырды.

Елбасы дәрісінде көптеген тың мәселелерді де қозғады. Соның ішінде өзектілерінің бірі – ғылымды қаржыландыру мәселесі. Президент дәрісінің басым бөлігі – Қазақстанның білім саласы мен ғылым саласын дамытуға бағытталды. Ғылымды қаржыландырудың жаңа жүйесі енгізілетінін айтып, оның үш құрылымнан тұратынына назар аударды. Олар – базалық, бағдарламалы – мақсаттық және гранттық құрамдар.

Елбасы жастарға Қазақстанға талантты ғалымдар мен ғылыми қызметкерлер аса қажет екенін айтып, студент жастарды ғылымға келуге шақырды.

Елбасы өз дәрісінде сапалы жоғары білімсіз Қазақстанның болашағы болмайтынын ерекше атап өтті. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 75 жылдық мерейтойымен құттықтай келе, «ҚазҰУ – Қазақстанның ерекше мәртебесі бар, жетекші классикалық университеті, жоғары кәсіптілік, білім мен ғылымды инновациялық дамытудың ұлттық көшбасшысы» деп үлкен баға берді.

Бұл берілген баға, менің пікірімше, бізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Елбасы дәрісінің студенттерге үлкен тәрбиелік мәні бар, жастарды Отанын сүюге, білімді және білікті болуға ынталандырады деп білемін.

«Мен өзімді бақыттымын деп есептеймін!»

ҚР Президентінің өз аузынан лекция тыңдау біз үшін ерекше мәртебе. Президенттің актілік лекциясынан алған әсеріміз орасан. ҚР Президентінің жастардан зор үміт күтетіндігі мені ерекше күйге бөледі. Президенттің жарқын жүзі, қазіргі таңға дейін жасалған нақты игіліктер болашаққа деген нық сенімнің айқын бағдары іспеттес. XX ғасырдағы Қазақстан мен XXI ғасырдағы Қазақстанның деңгейі жер мен көктей. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері әр түрлі қиын-қыстау кезеңдерді бастан өткізіп, дамудың айрықша жолына түсті. “Болашақ” бағдарламасы аясында шетелдерде өрімдей жастар білім алуда. Астанада халықаралық стандартқа сай жоғарғы оқу орны ашылмақ. Жастар шетелдерге шығындалмай, ҚР төрінде білім алатын болады. Біз үшін бұл үлкен жетістік болып табылады. Біз, жастар осындай мемлекет тарапынан жасалып жатқан зор мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, болашақта елімізді әлемдік деңгейде алға шығарып, халқымыздың бетке ұстар азаматы болуымыз тиіс. Осындай алтын ғасырда өмір сүріп жатқан біз бақыттымыз:

Тәуелсіздік сен менің ардағымсың,
Жүрегімде ұя боп қалғаның шын.
Мен өзімді бақытты деп есептеймін,
Алтын ғасыр ұрпағы болғаны үшін!

Асқар ӘМІР-БЕК, заң факультетінің 1 курс студенті

«Еліміздің жастары ғылым сүйетін тұлға болып қалыптасу керек»

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың студенттерге арналған лекциясы ізденімпаз жастардың өзәлеуетін қай салада қалай жұмсау керек деген сұраққа жауап берді. Интеллектуалды ұлт идеясын негізгі басымдық жасаған Елбасымыз соңғы жылдары мәртебесі банкирлер мен қаржыгерлерге қарағанда бәсеңдеп қалған ғалымдарға барынша қолдау көрсетіп, өскелең ұрпаққа үлгі тұтқызарлықтай дәрежеге жеткізу керектігін айтты. Алты жасар баладан алпыс жастағы дана ғалым қалай жасалатындығы жайында анығырақ тоқталып, сол даналарды шетелдік даналар шеттетпейтіндей болатын заманның алыста еместігін жеткізді. Еліміздің жастары ғылым сүйетін тұлға болып қалыптасу керектігін айтты. Үлгі ретінде тас үстінен егін орған Израиль халқы мен допты ғана емес, экономикасын керекті қақпаның тоғыздығына дәлдеген Бразилияны да атап өтті. Лекция өте қызық өтті. Себебі студенттер лекторға қызық сұрақтар қойды. Лектор жеке басына қатысты сұрақтарға да тапқырлықпен жауап қатты. Ешкім лекцияға кешігіп келген жоқ. Барлығы асығып ерте келді. Лекция барысында ешкім ұйықтап қалған жоқ. Студенттер лектордың әрбір айтқан ойына шапалақ ұрып отырды.

Нұрсұлтан ҚҰРМАНОВ, философия және саясаттану факультетінің 3 курс студенті

Спартакиада

Чемпиондардың ізбасарлары жасындай жарқылдады

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 75 жылдық мерейтойының шымылдығы 11 қазан күні бұқаралық веложарыспен ашылды. ҚазҰУ-дың ректоры, академик Бақытжан Жұмағұлов пен Алматы қаласының әкімі Ахметжан Есімов бастаған шараға Қазақстанның танымал спортшылары, ҚазҰУ спортклубының атақты түлектері, еліміздегі ірі ұйымдар мен компанияларды басқаратын қара шаңырақ түлектері, ҚазҰУ-дың және басқа да жоғары оқу орындарының студенттерінен тұратын 300 велошабандоз қатысты. Бұқаралық веложарыс сағат 08.30-да «Атакент» іскерлер ынтымақтастық орталығында басталып, Тимирязев көшесін бойлай өтіп, ҚазҰУ қалашығындағы стадионда мәре сызығын кесті. 8,9 шақырымды құраған велобәйгеде мәреге бірінші болып Бақытжан Тұрсынұлы бастаған топ келгенде студенттер ерекше қошеметпен қарсы алды.

Спорт – денсаулық кепілі. Сол себепті, ҚазҰУ-дың спорт саласын әрдайым алдыңғы шептен көрсету – басты мақсаттардың бірі. Салауатты өмір салтын насихаттайтын шараларды жыл сайын өткізу дәстүрге айналған. Қала әкімшілігінің қолдауымен 75 жылдықтың көркін әрлендіре түскен велобәйгенің мерейтой шымылдығын ашуы да ҚазҰУ-дың салауатты өмір салтына деген ұстанымын көрсетсе керек. Бұдан өзге спорттық шаралар мерейтой көрігін қыздыра түскені анық.

12 мен 16 қазан аралығында спорттық алаңдарда шағын футболдан, волейболдан, стритболдан, үстел теннисінен, шахматтан және бадминтоннан студенттер арасында жарыстар өтті. Ал финалдық бәсекелерді 16 қазанда ректор Б.Т.Жұмағұлов допты қақпаға тебу арқылы салтанатты түрде ашты. Ашылу салтанаты стадионда спортшылардың қойылымдық көрсетілімдеріне және университет студенттерінің қатысуымен ұйымдастырылған концерттік бағдарламаға ұласты. Бұл шараға қатысқан университет түлектері – Олимпиада, Еуропа және Азия чемпиондары мен жүлдегерлері өздері білім алған қара шаңырақты 75 жылдық мерейтоймен құттықтап, өз ықыластарын білдірді.

Қазақстанды спорттық биік шыңдардан танытып жүргендердің көпшілігі қарт ҚазҰУ-дың бауырында өскен өз түлектері екенін университет әрқашан мақстан тұтады. Атап айтсақ, Надежда Ольхова (баскетболдан 2 дүркін олимпиада чемпионы), Ермахан Ыбрайымов (бокстан 2000 жылғы Сидней олимпиадасының чемпионы), Асхат Житкеев (дзюдодан 2008 жылғы Бейжің олимпиадасының күміс жүлдегері). Сондай-ақ, Олимпиада ойындарының жүлдегерлері Евгений Корольков (велоспорт), Ольга Турчак (жеңіл атлетика), Татьяна Гермец (баскетбол) болса, Юрий Голодов Қазақстан альпинистердің ішінде алғашқылардың бірі болып әлемдегі ең биік шың – Эверестi бағындырған. Әлем чемпионаттарында, универсиадаларда, олимпиада ойындарында біздің республикамызды танытқан университетіміздің студенттері – Екатерина Евсеева 2009 жылы Белград қаласында өткен бүкіләлемдік универсиаданың жеңіл атлетикадан күміс жүлдегері, Гүлжан Исанова дзюдодан қола жүлдегер, Әлібек Пренов 2009 жылы каратэден әлем чемпионы болған. Азия мемлекеттері арасында өткен семсерлесуден 2009 жылғы әлем чемпионаты алтын медалінің иегерлері – Кристина Дьякокина, Алия Бектургановалар да біздің мақтанышымыз. Міне, осындай спорттың хас шеберлері өсіп-өнген ҚазҰУ шаңырағы талай спорт майталмандарының ордасы бола беретініне еш күмән жоқ.

Спартакиада қорытындысы бойынша, 16 қазан күні әр спорт түрінен ақтық сындар өтіп, төмендегідей нәтиже тіркелді. Мини-футболдан 1 орынды экономика және бизнес факультеті, 2 орынды химия факультеті, 3 орынды физика факультеті иеленсе, волейболдан 1 орын – биология факультетіне, 2 орын – механика-математика факультетіне, 3 орын – заң факультетіне бұйырды. Ал стритболдан 1 орынды экономика және бизнес факультеті, 2 орынды биология факультеті, 3 орынды физика факультеті жеңіп алды. Сондай-ақ үстел теннисінен болған жарыста биология, заң, экономика және бизнес факультеттері алдына жан салмады. Шахмат ойнаудан шығыстану, механика-математика, химия факультеттері үздіктер қатарынан танылса, бадминтоннан 1 орынды биология факультеті, 2 орынды халықаралық қатынастар факультеті, 3 орынды физика факультеті еншіледі.

Ж.ДАГАЙҚЫЗЫ

Мерейтой

Мерейлі мереке мәресіне жетті

“ҚазҰУ-дың қалашығы,
Көзімнің қарашығы” – деп ақындар жырына арқау еткен қарт ҚазҰУ-дың тарихы тереңде жатыр. Талай ақындар мен алыптар аяқ басқан білім шаңырағы шаттыққа толып, 75 жылдық мерейтойын ауқымды шара түрінде атап өткені баршамыз үшін мәртебе болды десек, сырт көз үшін үлкен қызығушылық пен серпіліс тудырды.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаев 13 қазан күні университетке келіп, мерейлі мерекемен құттықтады. Елбасымыздың стратегиялық бағыты аясында ҚазҰУ-дың әрі қарай дамуы күннен-күнге шарықтай түсуде. ҚазҰУ – мәртебесі ерекше, Қазақстандағы жетекші орынды алатын, жоғары кәсіптілік, білім мен ғылымның қайнар көзін дамытудың ұлттық көшбасшысы, еліміздің жоғары оқу орындары арасындағы ҚР Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының тұңғыш иегері. Бұл – талай жылдан бері ҚазҰУ-дың бойына жинаған қазынасы. Университеттегі 20 мыңнан астам студент өз университетінің туған

күнін тойлап, өткеннен біраз ой түйіп, келешекке үлкен үмітпен көз тастады. Біздің қалашық өз алдына жеке жыр-думаннның ордасына айналып, ҚазҰУ-дың 75жылдық мерейтойына арналған концерттер ұйымдастырылып, шарықтау шегіне жетті.

13 қазаннан басталған мерекелі аптада өнерлі студенттердің күшімен дайындалған «Бізге – 75!» мерейтойлық гала-концерті көпшілік назарына ұсынылды. Аталмыш гала-концертін эстрада жұлдызы, ҚазҰУ студенті Мәдина Сәдуақасова мен ҚазҰУ студенті Нұрсұлтан Құрманов жүргізді. Концертте университетіміздің танымал әншілері әннен шашу шашса, бишілер мың бұрала би билеп, бұл күнді әсерге бөледі.

Өткен ҚазҰУ мен бүгінгі ҚазҰУ-дың арасында ән салынып, жыр төгіліп, ойын ойналып, той тойланған күндер қаншама?! Солардың ішінде өзіндік орны бар 75 жылдық мерейтойдың концертік бағдарламасының беташарын өз арнауымен ашқан Рүстем Қайыртаев алқалаған студенттер мен ұстаздарына пәк көңілдегі тілегін арнады. Көрермендер сарайда шырқалған әнмен бірге шарықтап, «Бақыт» би тобының аққудай тербетілген ару қыздарының биін тамашалап, көңілдері марқайып шықты.

Қоңыр күздің кешкі самалы тербеген дәл осы күні қалашық тұрғындары, студенттер әл-Фараби алаңына ағылды. Мұндағы басты себеп – ҚР эстрада жұлдыздарының қатысуымен өтетін үлкен би кеші. ҚазҰУ алаңына лық толған, көңілдері алып-ұшқан жастар – мерейтойлық қуаныштың басты куәгерлері. Жүздері бал-бұл жанып, бойларын қуаныш кернеген. Би кешінің шымылдығын «Жігіттер» квартеті ашып, «Біздің де осы университетте білім алу арманымыз болып еді» деген ішкі сырларын ақтарып қалды. «Мерекем жанға жайлы шуағым, Шаттықтың алаулай бер жыр әні» деген ән жолдары қалашықта қалықтап, жаңғырып тұрды. Сонымен бірге Сейфуллин Жолбарыс, Алмас Кішкенбаев, Асқар Жүнісбеков, «Жебе», «Арал» топтары біздің мерекемен ортақтасып, ән қанатын қалықтатты. Би кешінің соңы әр арманның отты жанары қадалған аспан төрімен астасып, ректордың барша студенттер қауымына арнаған отшашуымен жалғасын тапты.

Отыз күн ойын, қырық күн тойын тойлаған білім қалашығының тойдуманы әсте толастар емес. 15 қазан күні «Мерейтойыңмен, сүйікті ҚазҰУ!» атты студенттер фестиваліне ұласты. 13 факультеттің өнері сынға салынып, әр факультет өнерлілері өздері білім алып жүрген оқу орындарының ерекшелігін танытып, баршасына барын сала паш етті. «ҚазҰУ құрамасы» көңілді тапқырлар клубының жүргізуімен өткен фестиваль күлкімен әрленіп, өнермен өрістеді. Филология, халықаралық қатынастар, шығыстану факультеттерінің сый-тартуы тартымды болды. Фестиваль аясында «Жігіттер», «До-мажор», «Жебе» секілді белді-белді эстрада топтары өнерлерімен бөлісті.

Жанат ҚАСЫМБЕК

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – **Дәрмен СМАЙЫЛ;**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА,**
Бөлім меңгерушісі – **Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ**
Редакторлар – **Шынар ӨСКЕМБАЕВА, Саягүл ӘЛІМБЕКОВА, Жанат ҚАСЫМБЕКОВА,**
Фототілші – **Алмат МҰХАМЕДЖАНОВ;**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. “Бизнес Информ” баспаханасында (Төлеби көшесі, 108) басылды. Тел: 8(727) 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша. Таралымы – 1000 дана. Көлемі 2 б.т. Индексі 65989. Тапсырыс 10763

- **Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.**
- **Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.**
- **«Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.**